**"Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2025 жылғы 6 наурыздағы № 72 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 7 наурызда № 35796 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну қызметтерді алушының тұрғылықты жері бойынша аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (астананың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері) шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді алушының жазбаша өтініші, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды

өкілінің (ата-анасының біреуі, қамқоршының немесе қорғаншының, асырап алушының, баланы қабылдайтын ата-ананың, патронат тәрбиешінің және "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес қамқор болуды, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың, он сегіз жастан асқан адамның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын алмастырушы басқа да адамдардың) (бұдан әрі – заңды өкілі) өтініші;";

8-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Қызметтерді алушыны стационарлық үлгідегі ұйымға қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында қызметтер алушының карточкасы мынадай құжаттары бар карточкасымен қалыптастырылады:";

10-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Стационарлық үлгідегі ұйымдар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі кезінде:

1) қызметтерді алушылардың жеке басына қолсұғылмаушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасау;

3) қызметтерді алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

4) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру;

5) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтендіру, күнделікті өмірді, жұмыспен қамтуды, олардың мүмкіндігінше дербестігін қолдау және бос уақытын, әлеуметте өзара әрекет етуін қолдау;

6) тұрғын жай беру, оның ішінде балаға, ТҚА бұзылған балаға кемінде төрт шаршы метр және он сегіз жастан асқан адамға, мүгедектігі бар адамдарға, қартқа кемінде бес шаршы метр жатын бөлмелерін беруді қамтамасыз ету;

7) қызметтерді алушының құпиялылығы;

8) осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес стационарлық үлгідегі ұйымдар үшін мүгедектігі жоқ адамдарға дәрігердің тағайындауы бойынша ұсынылатын киімдердің, аяқкиімнің, төсек жабдығының, жеке гигиена заттарының, қатты инвентарь және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарының ең төмен нормаларына, сондай-ақ олардың кию және пайдалану мерзімдеріне сәйкес киіммен, аяқкиіммен, төсек жабдығымен, жеке гигиена заттарымен, қатты инвентарь және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету;

9) осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес балаларды, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды және он сегіз жастан асқан адамдарды стационарлық үлгідегі ұйымдарда оқыту ұзақтығын қамтамасыз ету сақталады.;";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес стационар жағдайларында көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тізбесіне сәйкес көрсетіледі.";

21-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Қарттар мен мүгедектігі бар адамдар мынадай жағдайларда:";

мынадай мазмұндағы 24-1, 24-2 және 24-3-тармақтармен толықтырылсын:

"24-1. Стационарлық үлгідегі ұйымдар мамандарының жұмысына стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы және уәкілетті орган:

1) отбасыларға қайтарылған (берілген) және (немесе) жартылай стационарлық және үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алатын;

2) тұрмыстық және еңбек қызметіне тартылған қызметтерді алушылар санының алдыңғы жылмен салыстырғанда көбеюі бойынша мониторинг жүргізеді.

24-2. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда қажетті мамандар болмаған жағдайда жеке жоспарды әзірлеу, оңалту іс-шараларының немесе консультациялардың нәтижелігін бағалау үшін шарттық негізде мамандарды қосымша тартуға болады.

24-3. Стационарлық үлгідегі ұйымда шағымдар мен ұсыныстар кітабы ресімделеді, оның парақтары нөмірленген, тігілген, мөрмен және ұйым басшысының қолымен бекітілген. Кітап стационарлық үлгідегі ұйым басшысында сақталады және қызметтерді алушылар мен келушілердің бірінші талабы бойынша беріледі.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабын стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы апта сайын, ал уәкілетті орган ай сайын қарайды.";

3-тарау алып тасталсын;

Осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 3, 4 және 5-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (астананың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері) шешімі бойынша қызметтерді алушының тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады.

4. Қызметтерді алушыларға мүгедектігі бар адамның әзірленген абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) бойынша жартылай стационарлық

үлгідегі екі ұйымда бюджет қаражаты есебінен бір уақытта арнаулы әлеуметтік қызметтер алуға жол берілмейді.";

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі кезінде:

1) қызметтерді алушылардың жеке басына қолсұғылмаушылық пен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) қолайлы моральдық психологиялық жағдай жасау;

3) қызметтерді алушыларға осы Стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын өткізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы жан-жақты көмек көрсету;

4) осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарға арналған төсек жабдықтары, сондай-ақ олардың тозу мерзімдерінің ең төмен нормаларымен қамтамасыз ету;

5) осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес балаларды, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды, он сегіз жастан асқан адамдарды жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда оқыту ұзақтығын қамтамасыз ету сақталады";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тізбесіне сәйкес көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 16-1, 16-2 және 16-3-тармақтармен толықтырылсын:

"16-1. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар мамандарының жұмысына жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы және уәкілетті орган:

1) жеке даму деңгейі, мінез-құлық бейімделуінің дағдылары, әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтену деңгейі жоғарылаған балалар мен он сегіз жастан асқан адамдардың;

2) білім беру ұйымдарына ауыстырылған балалардың;

3) қозғалу функциялары толтықтырылған, қоғамға кіріктірілген ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен балалардың;

4) әлеуметтенген және өздігінен өмір сүруге бейімделген қызметтерді алушылар санының алдыңғы жылмен салыстырғанда көбеюі бойынша мониторинг жүргізеді.

16-2. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда қажетті мамандар болмаған жағдайда жеке жоспарды әзірлеу, оңалту іс-шараларының нәтижелілігін бағалау немесе консультация беру үшін шарттық негізде басқа ұйымдардан мамандар тартуға рұқсат етіледі.

16-3. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда шағымдар мен ұсыныстар кітабы ресімделеді, оның парақтары нөмірленген, тігілген, мөрмен және ұйымның

басшысының қолымен бекітілген, ол жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның басшысында сақталады және қызметтерді алушылар мен олардың заңды өкілдерінің бірінші талабы бойынша беріледі.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабын жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы апта сайын, ал уәкілетті орган және (немесе) құрылтайшы – ай сайын қарайды."

3-тарау алып тасталсын;

осы бұйрыққа 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес 3, 4 және 5-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Үйде қызметтер көрсету ұйымдармен бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну қызметтерді алушының тұрғылықты жері бойынша аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (астананың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің (бұдан әрі – уәкілетті органдар) шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

4-тармақ алып тасталсын;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Үйде қызметтер көрсететін ұйымдар тарапынан арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі кезінде:

1) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру;

2) қалыпты әлеуметтік ортада қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасауға жәрдемдесу;

3) осы Стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы қызметтерді алушыларға жан-жақты көмек көрсету;

4) осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес үйде қызметтер көрсету жағдайындағы ұйымдармен балалар, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар, он сегіз жастан асқан адамдар үшін сабақтар өткізу ұзақтығын қамтамасыз ету сақталады.";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес үйде қызметтер көрсету жағдайында көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер тізбесіне сәйкес көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2, 19-3 және 19-4-тармақтармен толықтырылсын:

"19-1. Үйде қызметтер көрсету ұйымында қажетті мамандар болмаған жағдайда жеке жоспарды әзірлеу, оңалту іс-шараларының немесе консультациялардың нәтижелігін бағалау үшін шарттық негізде қосымша мамандарды тартуға болады.

19-2. Үйде қызметтер көрсету ұйымының мамандары қызметтерді алушыларға баруды үйде қызметтер көрсету ұйымның басшысы бекітетін қызметтерді алушыларға бару кестесіне сәйкес жүзеге асырады.

Қызметтерді алушыға барған күні үйде қызметтер көрсету ұйымының мамандары нысаны осы Стандартқа 6-қосымшада ұсынылған арнаулы әлеуметтік қызметтерді есепке алу журналына тиісті белгі қояды. Ұсынылған арнаулы әлеуметтік қызметтерді есепке алу журналы қызметтерді алушыда (заңды өкілінде) болады және ай аяқталған кейін күтім жасайтын әлеуметтік жұмыскерге беріледі.

19-3. Уәкілетті орган немесе құрылтайшы немесе үйде қызметтер көрсету ұйымының басшысы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін жағдайлар жасайды, оның ішінде:

1) қажетті техникамен және байланыспен, оңалту іс-шараларын жүргізуге қажетті диагностикалық, дидактикалық, дамытушы және өзге де материалдармен жабдықталған үй-жайлар;

2) персоналды қызметтерді алушыларға күтім көрсету жөніндегі білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізетін әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету;

3) персоналды қажет болған кезде көлік құралымен, жол жүру билеттерімен немесе жол жүру билетінің құны мөлшерінде ақшалай өтемақымен қамтамасыз ету;

4) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын әлеуметтік жұмыскерлерді арнайы киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен (бір рет қолданылатын маскалар мен қолғаптар) қамтамасыз ету.

19-4. Үйде қызметтер көрсету ұйымында шағымдар мен ұсыныстар кітабы ресімделеді, оның парақтары нөмірленген, ол үйде қызметтер көрсету ұйымының басшысында сақталады және қызметтерді алушылар немесе олардың заңды өкілдерінің бірінші талабы бойынша әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантпен беріледі.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабын үйде қызметтер көрсету ұйымының басшысы апта сайын, ал уәкілетті орган және (немесе) құрылайшы ай сайын қарайды.";

3-тарау алып тасталсын;

осы бұйрыққа 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес 4, 5 және 6-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Стандарт тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанындағы ұйымдарда (бұдан әрі – уақытша болу ұйымдары) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (

немесе) пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына және адам саудасының құрбандарына (бұдан әрі – қызметтерді алушылар) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің сапасын, көлемін және шарттарын белгілейді, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуды, шығаруды, көрсетуді тоқтату және ауыстыру шарттарын айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) адам саудасының құрбаны – адам саудасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру фактісінің бар-жоғына қарамастан, адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адам, сол сияқты Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес адам саудасына байланысты қылмыстардан жәбірленуші деп танылған адам;

2) адам саудасының құрбанын сәйкестендіру –адамды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адам саудасының құрбаны деп тану рәсімі;

3) адам саудасының құрбандарын оңалту – құрбанның психологиялық және (немесе ) тәндік жай-күйін нұқсан келтірілгеннің алдындағы жай-күйге дейін қалпына келтіру жөніндегі әрекеттер.

4) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны – Әлеуметтік кодекстің 133-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарның бірлескен бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерінің (бұдан әрі – Критерийлер) негізінде айқындалатын тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты тікелей құқық бұзушылықтан моральдық, дене және (немесе) мүліктік зиян келтірілген деп пайымдауға негіз бар жеке тұлға.";

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2, 4-3, 4-5, 4-6, 4-7, 4-8, 4-9 және 4-10-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. "Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33002 болып тіркелген) бекітілген Критерийлерге сәйкес уақытша болу және тұру ұйымдары көрсетілетін қызметтерді

алушылардың өтініші негізінде жүгінген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органмен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын не (немесе) адам саудасының құрбанын сәйкестендіруді жүргізеді.

4-2. Сәйкестендіру қызмет алушылармен жеке контакті кезінде ішкі істер органдары өкілдерінің, әлеуметтік жұмыскер мен психологтің қатысуымен әңгімелесу түрінде жүргізіледі. Сәйкестендіру нәтижелері бойынша осы Стандартқа 1-1-қосымшаға сәйкес бағалау парағы толтырылады.

4-3. Әңгімелесу жүргізуге мынадай талаптар қойылады:

1) әңгімелесу жүргізу орны анықталған адам тұрған ұйым, адамды сәйкестендіруге уәкілетті адамның жұмыс орны, өзге де үй-жай болып табылады;

2) әңгімелесу жүргізуге арналған үй-жай қауіпсіз, оқшауланған, жарық әрі жылы болады;

3) әңгімелесу жүргізу кезінде уәкілетті маман басқа жұмысты орындауға, телефон қоңырауларына жауап беруге, басқа адамдармен сөйлесуге алаңдамайды.

4-4. Жүгінген адам тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны не (немесе) адам саудасының құрбаны деп танылса, уақытша болу және тұру ұйымы бір жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну туралы шешім шығару үшін оның өтінішімен бірге бағалау парағын уәкілетті органға жолдайды.

Жүгінген адам тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны деп танылмаса, оған арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынудан бас тартылады.

4-5. Адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса және адам жәбірленуші болып танылған жағдайда, осы Стандартқа 1-1-қосымшаға сәйкес оны сәйкестендіру талап етілмейді.

4-6. Жүгіну сәтінде оларға қатысты заңды өкілі болып табылатын адамның қасында кәмелетке толмаған балалар болса, онда уақытша болу және тұру ұйымына балалармен бірге қабылдау жүзеге асырылады.

4-7. Ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен бірге түсетін балалар көрсетілетін қызметтерді жеке алушылар ретінде есептеледі.

4-8. Баланың заңды өкілдері болмаған жағдайда, ұйым қамқоршылық және қорғаншылық органдарын хабардар етеді және баланы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына береді.

4-9. Уәкілетті орган бағалау парағын және өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны не (немесе) адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға шешім шығарады және шешім шығарылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны уақытша болу және тұру ұйымына жібереді.

4-10. Көрсетілетін қызметтерді алушылар ішкі істер органдарына өтініш беруден бас тартқан жағдайда уақытша болу және тұру ұйымдары өз бетінше үш жұмыс күні

ішінде көрсетілетін қызметтерді алушылардың дербес деректерінің құпиялылығын ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа не (немесе) адам саудасына байланысты заңға қайшы әрекет фактісі бойынша келіп түскен өтініш туралы ішкі істер органдарына ақпарат жібереді.";

5-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Уақытша болу және тұру ұйымдары көрсетілетін қызметтерді алушыларды шарттық негізде қабылдауды жүзеге асырады.

Уақытша болу және тұру ұйымы шешімді алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгілік шарт негізінде көрсетілетін қызмет алушылармен шарт жасасады.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Тұрғылықты жері жоқ, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдармен жасалған шарттың қолданылу мерзімі бір жылдан аспайды, адам саудасының құрбандары және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары үшін алты ай.

Көрсетілетін қызметті алушы медициналық ұйымда стационарлық емделуде, бірақ үш айдан аспайтын болса, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қылмыстық істі аяқталмаған жағдайда адам саудасының құрбандарына шарт ұзартылады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес уақытша болу жағдайында көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер тізбесіне сәйкес көрсетіледі.";

19-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді аяқтау, тоқтату, қызметтерді алушыларды ұйымнан шығару, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, уақытша болу және тұру ұйымдарына ауыстыру уақытша болу және тұру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 20-1, 20-2 және 20-3-тармақтармен толықтырылсын:

"20-1. Уақытша болу ұйымы мамандарының жұмыс сапасын уақытша болу ұйымының басшысы және Уәкілетті орган оңалтылған және қалыпты өмір сүру салтына қайтып оралған қызметтерді алушылар санының алдыңғы жылғымен салыстырғанда көбеюі бойынша бағалайды.

20-2. Уақытша болу ұйымында қажетті мамандар болмаған жағдайда шарттық негізде қосымша мамандарды тартуға болады.

20-3. Уақытша болу ұйымында шағымдар мен ұсыныстар кітабы ресімделеді, ол уақытша болу ұйымының басшысында сақталады және қызметтерді алушылар мен келушілердің бірінші талабы бойынша беріледі.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабын уақытша болу ұйымының басшысы апта сайын, ал ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – ай сайын қарайды.";

3-тарау алып тасталсын;

осы бұйрыққа 10 және 11-қосымшаларға сәйкес 1-1 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2 ) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы* | *А. Сарбасов* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

2025 жылғы 6 наурыздағы
№ 72 бұйрығына
1-қосымша
Халықты әлеуметтік қорғау
саласында стационарлық

жағдайда арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсету стандартына
3-қосымша

## Стационарлық үлгідегі ұйымдар үшін мүгедектігі жоқ адамдарға дәрігердің тағайындауы бойынша ұсынылатын киімдердің, аяқкиімнің, төсек жабдығының, жеке гигиена заттарының, қатты инвентарь және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарының ең төмен нормаларына, сондай-ақ олардың кию және пайдалану мерзімдеріне сәйкес киіммен, аяқкиіммен, төсек жабдығымен, жеке гигиена заттарымен, қатты инвентарь және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету ең төменгі нормалары

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Балаларға және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға | | Он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Норма | Мерзімі (жыл) | Норма | Мерзімі (жыл) |
| Төсек-орын жабдықтары | | | | | | |
| 1 | Ақжайма | дана | 3 | 1 | 3 | 1 |
| 2 | Сейсеп | дана | 3 | 1 | 3 | 1 |
| 3 | Жастықтысы | дана | 4 | 1 | 4 | 1 |
| 4 | Матрац (оның ішінде басылып қалмайтын матрац) | дана | 1 | 2 | 1 | 3/2* |
| 5 | Жастық | дана | 1 | 2 | 1 | 3 |
| 6 | Көрпе | дана | 1 | 2 | 2 | 3 |
| 7 | Жамылғы | дана | 1 | 4 | 1 | 4 |
| 8 | Вафельді сүлгілер | дана | 4 | 1 | 4 | 1 |
| 9 | Түкті сүлгілер | дана | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Бөлмелерге арналған заттар (қажеттілік болса)** | | | | | | |
| 10 | Дастархан | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 11 | Үстелге арналған майлық орамалдар | дана | 4 | 1 | 4 | 1 |
| Санитариялық-гигиеналықзаттар** | | | | | | |
| 12 | Резина клеенка | дана | Қажеттілігіне қарай | | 1 | тоқсанда |
| 13 | Әйелдерге арналған сіңіргіш төсемелер (етеккір циклі кезінде) | дана | 16 | айына | 16 | айына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Күнделікті төсемелер | дана | - | айына | 30 | айына |
| 15 | Урологиялық төсемелер (дәрігердің ұсынысы бойынша) | дана | - | айына | 60 | айына |
| 16 | Дәрігердің тағайындауы бойынша жаялықтар: мүгедектігі бар адамдарға АОЖБ сәйкес нормаларға қосымша; АОЖБ жоқ паллиативті көмек палаталарында (бөлімінде) жатқан қарттарға | дана | 4 | күніне | 4 | күніне |
| Мүгедектігі жоқ адамдарға дәрігердің тағайындауы бойынша берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар және арнаулы жүріп-тұру құралдары | | | | | | |
| 17 | Балдақтар, таяқтар, жүргіштер | дана | | | 1 | 2 |
| 18 | Корсет | дана | | | 1 | 1 |
| 19 | Таңғыштар, емдік белдіктер | дана | | | 1 | 1 |
| 20 | Есту аппараттары | дана | | | 1 | 4 |
| 21 | Бөлмелік кресло-арбалар | дана | | | 1 | 7 |
| 22 | Серуендеуге арналған кресло-арбалар | дана | | | 1 | 4 |
| 23 | Сіңіргіш жаймалар (жаялықтар) | дана | | | 1 | күніне |

Ескертпе:

* 4-тармақтағы бірінші сан жалпы бөлім үшін орындау мерзімін, ал екінші сан ауыр науқастар үшін орындау мерзімін көрсетеді;

** бөлмелерге арналған заттардың (қажеттілік болса) және санитариялық-гигиеналық заттардың нормативтері балаларға, он сегіз жастан асқан

адамдарға, мүгедектерге және АОЖБ жоқ паллиативті көмек палаталарында (бөлімінде ) жатқан қарттарға ғана қолданылады.

Стационарлық үлгідегі ұйымдарда балаларға, он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға киім мен аяққиім мынадай көлемде беріледі:

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Балаларға ( психоневрологиялық ауытқулары бар) | | Он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Норма | Мерзімі (жыл ) | Норма | Мерзімі (жыл ) |
| Киім | | | | | | |
| 1 | Пальто немесе куртка | дана | 1 | 2 | 1 | 3 |
| 2 | Плащ немесе жел өткізбейтін күрте | дана | 1 | 2 | 1 | 2 |
| 3 | Жүн матадан тігілген костюм | дана | 1 | 2 | 1 | 3 |
| 4 | Мақта матадан тігілген костюм | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 5 | Спорттық костюм | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 6 | Шалбар немесе джинсы | дана | 3/4* | 1 | 4 | 1 |
| 7 | Көйлек, сарафан немесе халат | дана | 3/4* | 1 | 4 | 1 |
| 8 | Жүн матадан тігілген юбка | дана | 1 | 2 | 1 | 2 |
| 9 | Мақта матадан тігілген юбка | дана | 3/4* | 1 | 2 | 1 |
| 10 | Мақтаматадан тігілген блузка | дана | 2 | 1 | 2 | 1 |
| 11 | Свитер, жекет , жемпір, кофта немесе трикотаж жаймадан тігілген желет | дана | 1 | 2 | 4 | 2 |
| 12 | Трико | дана | 2 | 1 | 2 | 1 |
| 13 | Футболка | дана | 3 | 1 | 3 | 1 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Мақта матадан тігілген кеудеге киетін жейде | дана | 3/4* | 1 | 3/4** | 1 |
| Ішкиім | | | | | | |
| 15 | Трусы немесе панталон | дана | 6/4* | 1 | 4/8** | 1 |
| 16 | Түнде киетін жейде немесе пижама | дана | 2/3* | 1 | 2/3** | 1 |
| 17 | Майка | дана | 2 | 1 | 3 | 1 |
| 18 | Мақта матадан және иілімді трикотаж жаймадан тігілген киім-кешек бұйымы (бюстгальтер) | дана | 2 | 1 | 4 | 1 |
| 19 | Кальсондар | дана | - | - | 2 | 1 |
| 20 | Гамаштар | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Орамал-шарф бұйымдары мен бас киімдер | | | | | | |
| 21 | Шарф | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 22 | Бөрік немесе берет | дана | 1 | 2 | 2 | 2 |
| 23 | Панама, фуражка немесе кепкалар | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 24 | Әйелдердің бас орамалы | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 25 | Тақия | дана | - | - | 1 | 2 |
| 26 | Қолғап немесе биялай | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 27 | Жүн орамал (жартылайжүн) | дана | - | - | 1 | 1 |
| 28 | Тоқыма шапка | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Носки-шұлық бұйымдары | | | | | | |
| 29 | Колготки | дана | 6 | 1 | 6 | 1 |
| 30 | Шұлық | дана | - | - | 12 | 1 |
| 31 | Носки | дана | 6/12* | 1 | 12/10** | 1 |
| 32 | Гольфы | дана | 3 | 1 | - | - |
| Аяқкиім | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | Қысқы етік немесе киізден тігілген аяққиім | дана | 1 | 1 | 2 | 3 |
| 34 | Пима | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 35 | Маусымдықетік | дана | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 36 | Қысқаетік | дана | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 37 | Бәтеңке немесе туфли | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 38 | Қысқа бәтеңке | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 39 | Жалаңаяққиетін аяққиім немесе сандали | дана | 2 | 1 | 1 | 1 |
| 40 | Спорттық аяққиім | дана | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 41 | Бөлмеде киетін тәпішке | дана | 3/4* | 1 | 4 | 1 |
| 42 | Сланцы | дана | 1 | 1 | 2 | 1 |

Ескертпе:

1) * 6, 7, 9, 14, 15, 16, 31, 41-тармақтардағы бірінші сан – он төрт жасқа дейінгі балаларға арналған кию нормасын, екінші сан – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған кию нормасын көрсетеді;

2) ** 14, 15, 16, 31-тармақтарда ересектерге арналған бірінші сан – еркектерге арналған кию нормасын, екінші сан – әйелдерге арналған кию нормасын көрсетеді

Стационарлық үлгідегі ұйымдарда балаларға, он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Балаларға және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға | | Он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Норма | Мерзімі (жыл) | Норма | Мерзімі (жыл) |
| 1 | Кереует | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |
| 2 | Көп функциялы кереует (дәрігердің ұсынысы бойынша) | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |
| 3 | Үстел | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |
| 4 | Орындық | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |
| 5 | Шкаф | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Кереует жанындағы Тумбочка | дана | 1 | 5 | 1 | 5 |

2025 жылғы 6 наурыздағы
№ 72 бұйрығына
2-қосымша
Халықты әлеуметтік қорғау
саласында стационарлық
жағдайда арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсету стандартына
4-қосымша

## Балаларды, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды және он сегіз жастан асқан адамдарды стационарлық үлгідегі ұйымдарда оқыту ұзақтығы

Балаларды, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды және он сегіз жастан асқан адамдарды оқыту ұзақтығы барлық үлгідегі ұйымдарда олардың дағды деңгейі не, танымдық қызметі мен жас ерекшеліктеріне қарай құрылады:

1) балалардың әлеуметті к дағдылары, әлеуметтену және танымдық қызметі ең төмен деңгейде болғанда сабақтың ұзақтығы 15 минутқа дейін созылады;

2) әлеуметтік дағдылары, әлеуметтену және танымдық қызметі төмен деңгейде болғанда – 20 минутқа дейін;

3) әлеуметтік дағдылары, әлеуметтену және танымдық қызметі қалыпты деңгейде болғанда – сабақ 30 минутқа дейін;

4) әлеуметтік дағдыларының, әлеуметтену және танымдық қызметінің деңгейі айтарлықтай төмендемеген жағдайда – 45 минутқа созылады.

Академиялық сағаттың (45 минут) қалған уақытында балаларға және он сегіз жастан асқан адамдарға оқу жоспарының бағдарламасына және әр сабаққа әзірленген тақырыптық жоспарларға сәйкес дидактикалық және дамытуы ойындар өткізіледі.

2025 жылғы 6 наурыздағы
№ 72 бұйрығына
3-қосымша
Халықты әлеуметтік қорғау
саласында стационарлық
жағдайда арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсету стандартына
5-қосымша

## Стационарлық жағдайда көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің тізбесі

| Көрсетілетін қызметтердің атауы |
|---|
| санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес өмір сүру жағдайларын сақтау |
| тағамды дайындау, оның ішінде диеталық |
| киім, аяқкиім, төсек-орын, жеке гигиена құралдарын беру |
| қатты мүкәммал және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және арнайы көлік құралдарын беру |
| |

| |
|---|
| гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету (сабын, жуғыш құралдар және басқа да гигиеналық құралдарды беру) |
| тырнақтарды алу |
| сақал мен мұртты қыру (ерлер үшін) |
| шаштараз қызметтерін көрсету (кәдімгі шаштаразда қызмет көрсету қиын немесе мүмкін емес қызметтер алушылар үшін |
| тұрмыстық қызмет көрсету (ішкиімді, киімді, төсек жабдықтарын жуу, кептіру, үтіктеу, дезинфекциялау) |
| қалалық телефон байланысын ұсыну |
| қызметтерді алушыларға азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сатып алу және жеткізу |
| хаттарды жазуға және оқуға көмек көрсету |
| қызметтерді алушыларды емдеуге, оңалтуға, оқытуға, қызметтерді алушыларды мәдени-демалыс іс-шараларына қатысуға тасымалдау бойынша көлік қызметтерін көрсету |
| жерлеу қызметтерін ұйымдастыру (қайтыс болған адамның туыстары (заңды өкілдері) болмаған немесе олар жерлеумен айналысқысы келмеген кезде) |
| тыныс-тіршіліктің бірқалыпты шектелуі дәрежесі кезінде төсектен тұруға, төсекке жатуға, киінуге және шешінуге, жуынуға, тамақ жеуге, ішуге, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалануға, қозғалуға көмектесу: бақылау |
| тыныс-тіршіліктің бірқалыпты шектелуі кезінде ваннада, душта жуындыру: бақылау |
| тыныс-тіршіліктің шектелуі айқын білінетін шектелуі кезінде төсектен тұруға, төсекке жатуға, киінуге және шешінуге, жуынуға, тамақ жеуге, ішуге, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалануға, қозғалуға, тісті немесе жақты күтуге, көзілдірік немесе есту аппараттарын пайдалануға көмектесу |
| тыныс-тіршіліктің айқын білінетін шектелуі кезінде жеке гигиена дағдыларын, еңбек, жалпы өмірлік дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру |
| тыныс-тіршіліктің абсолютті және ауыр шектелуі кезінде төсектен тұруға, төсекке жатуға, киінуге және шешінуге, жуынуға, тамақ жеуге, ішуге, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалануға, қозғалуға көмектесу |
| тыныс-тіршіліктің абсолютті және ауыр шектелуі кезінде ваннада, душта жуындыру |
| тыныс-тіршіліктің абсолютті және ауыр шектелуі кезінде тырнақтарды алу |
| тыныс-тіршіліктің абсолютті және ауыр шектелуі кезінде сақал мен мұртты (ерлер үшін) қыру |
| тыныс-тіршіліктің абсолютті және ауыр шектелуі кезінде киім, аяқкиім, төсек-орын, жеке гигиена құралдарын беру |
| денсаулық сақтау ұйымдарында болған кезде алушыларға бару, азық-түлік пен жеке керек-жарақтарды жеткізу |
| күнделікті аралау және қызметтерді алушылардың жағдайын мониторингтеу |
| жеке жұмыс жоспарларының орындалуын бақылау (мамандардың жұмысын үйлестіру, жеке жоспарға сәйкес қызмет көрсетуді бақылау) |
| қызметтерді алушылардың туыстарымен байланысты ұйымдастыру және қолдау |
| тиесілі жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен төлемдердің басқа түрлерін алуға , тұрмыс жағдайын жақсартуға жәрдемдесу |
| қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ бала тәрбиелеп отырған және 18 жастан асқан адамдарға қамқорлық жасайтын отбасыларға отбасының өзін-өзі қамтамасыз ету және материалдық жағдайын жақсарту мәселелері бойынша консультация беру |
| қызметтерді алушылардың саны туралы есепке алуды, статистиканы және есептілікті жүргізу, әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау |
| мерекелер мен демалыс іс-шараларын ұйымдастыру |
| |

| |
|---|
| клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу |
| қызметтерді алушыларды бос уақытын өткізуге және мәдени іс-шараларға қатысуға тарту |
| мәдени іс-шараларға барған кезде қызметтерді алушыларды алып жүру |
| дене шынықтыру, сауықтыру және спорттық клуб іс-шараларын ұйымдастыру (спорттық ойындарды, эстафеталарды, жарыстарды және әлеуметтендіруге бағытталған басқа да іс-шараларды өткізу) |
| заңға сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында және әлеуметтік қамсыздандыру мен көмек алу құқықтарына байланысты мәселелер бойынша заңгерлік консультация беру |
| заңдық маңызы бар құжаттарды дайындауға жәрдемдесу |
| арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін және қызмет алушылардың заңды құқықтарын бұзатын немесе нұқсан келтіретін ұйымдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарды дайындауға және беруге жәрдемдесу |
| сенімхат бойынша қазақстан республикасының азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алу |
| құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін сотта өкілдік етуді қамтамасыз ету |
| жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық бойынша заңгерлік консультация беру |
| алғашқы медициналық тексеру және алғашқы санитариялық өңдеу жүргізу |
| балаларға медициналық-әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу (жеке жоспарды қалыптастыру) |
| ересектерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы (жеке жоспарды қалыптастыру) ұйымдастыру және жүргізу |
| бейінді мамандардың, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық консультациясына жәрдемдесу |
| балаларды уақтылы медициналық-әлеуметтік тексеруден өткізуге жәрдемдесу |
| ересектерге уақтылы медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу |
| дәрігерге дейінгі көмек көрсету |
| дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу: алу, сатып алу |
| дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу: беру |
| білікті медициналық консультация беруді ұйымдастыру |
| балаларға арналған обж сәйкес санаториялық-курорттық емдеумен, техникалық көмекші ( компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу |
| ересектерге арналған обж сәйкес санаторийлік-курорттық емдеумен, техникалық көмекші ( компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу |
| мүгедектігі бар балаларды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмек алуға жәрдемдесу |
| ересек мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмек алуға жәрдемдесу |
| мүгедектігі бар балаларды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту протезі көмегін алуға жәрдемдесу |
| ересек мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту протезі көмегін алуға жәрдемдесу |
| қызметерді алушыларды техникалық көмекші (компенсаторлық) және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануға оқыту |
| |

| |
|---|
| балалар үшін әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша, оның ішінде жасына байланысты бейімдеу бойынша консультация беру |
| ересекетер үшін әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша, оның ішінде жасына байланысты бейімдеу бойынша консультация беру |
| денсаулыққа байланысты процедураларды жүргізу (дәрі-дәрмектерді қабылдау, тамшыларды тамызу және емдеуші дәрігердің тағайындауымен байланысты процедуралар) |
| емдеуші дәрігердің нұсқауына сәйкес медициналық процедураларды жүргізу: тері астына және бұлшықет ішіне енгізу, жүйелі бақылау |
| емдеуші дәрігердің нұсқауына сәйкес емдік шараларды жүргізу: компресс қою, таңу, ұзақ жатқаннан ойылған жерлерін, жара беттерін емдеу, тазарту клизмалар жасау, зертханалық зерттеулерге материалдарды жинау, міндетті гигиеналық құралдар мен медициналық бұйымдарды қолдануға көмек көрсету |
| емдік дене жаттығуларын орындауға көмек көрсету |
| алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету |
| санитариялық-гигиеналық қызмет көрсету (сүрту, жуу, гигиеналық ванналар) |
| ауруханаға жатқызуға жәрдемдесу және денсаулық сақтау ұйымдарында қолдау көрсету |
| емдеу-сауықтыру қызметін, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарында ұйымдастыру |
| психоневрологиялық аурулары бар балаларға арналған емдік дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығу |
| тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған емдік дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығу |
| психоневрологиялық аурулары бар ересектерге арналған емдік дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығу |
| мүгедектігі бар адамдарға арналған емдік дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығу |
| егде жастағы адамдарға арналған емдік дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығу |
| жоғары жиілікті магниттік терапия |
| ультра жоғары жиілік терапиясы |
| дәрілік электрофорез |
| төмен жиілікті магниттік терапия |
| сәулемен емдеу |
| лазерлік терапия |
| дарсонвализация |
| электромиостимуляция |
| ультрадыбыстық терапия |
| жылумен емдеу – парафиндік терапия |
| электроэнцефалография |
| адаптивтік дене тәрбиесі |
| робот-қозғалыс терапиясы |
| құрғақ гидромассаж |
| спелеотерапия |
| шунгитотерапия |
| механотерапия |
| диспансерлеуді ұйымдастыру |
| медициналық көрсеткіштер мен жас ерекшеліктеріне сәйкес "денсаулық топтарын" құру және жұмысын ұйымдастыру (балалар үшін) |
| медициналық көрсеткіштер мен жас ерекшеліктеріне сәйкес "денсаулық топтарын" құру және жұмысын ұйымдастыру (ересектерге) |

| |
|---|
| психиатриялық, психотерапевтік қызметтерді көрсету |
| денсаулық жағдайын күнделікті бақылау |
| балаларға, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға патронаж бақылау |
| паллиативтік көмек қызметтерін көрсету |
| паллиативтік көмек палаталарында (бөлімшелерінде) тәулік бойы бақылау |
| қызметтерді алушыларды денсаулық сақтау ұйымдарына барған кезде алып жүру (егер денсаулық жағдайы қоғамдық көлікті пайдалануға кедергі болса) |
| тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға жәрдемдесу |
| жеке дене шынықтыру-сауықтыру кешенін таңдау және дамыту |
| емдік дене шынықтыру нұсқаушысының консультациясы |
| емдік дене шынықтыру бойынша топтық жаттығу (топ құру) |
| емдік дене шынықтыру бойынша топтық жаттығу |
| электрофорез көмегімен дәрілік заттарды енгізу |
| массаж |
| емдік атірек-қимыл аппараты мінуді (райттерапия/иппотерапия) пайдалана отырып, денені қалпына келтіру және бейімдеу қызметтері |
| суда емдік жаттығуларды қолдана отырып, денені қалпына келтіру және қозғалыс функцияларын қалпына келтіру қызметтері (жүзу/гидрокинезитерапия) |
| рефлексологиялық қызметтері (ине терапиясы) |
| галотерапия қызметтері (тұз кеніші) |
| ингаляциялық терапия қызметтері |
| кварц терапиясы қызметтері |
| психоневрологиялық патологиясы бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық консультация беру |
| тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға әлеуметтік-педагогикалық консултация беру |
| педагогикалық және коррекциялық-дамыту диагностикасын, баланың жеке басын, даму деңгейін, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған, он сегіз жастан асқан адамдарды тексеруді жүргізу |
| балаларды және он сегіз жастан асқан адамдарды олардың дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру |
| дене жаттығулары мен гимнастика жүргізу |
| дене шынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру (спорттық ойындар, эстафеталар, жарыстар және әлеуметтендіруге бағытталған басқа да іс-шаралар) |
| балалардың дене және психикалық қабілеттеріне сәйкес арнайы білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға жәрдемдесу |
| жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік ұйымдарда тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың білім алуына жәрдемдесу |
| ересектерге кәсіптік білім алуға жәрдемдесу |
| балаларды, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық түзету |
| есту қабілеті бұзылған балалар мен мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ олардың ата-аналары мен басқа да мүдделі адамдардың ымдау тілін меңгеруіне жәрдемдесу |
| ымдау тілін аудару қызметі |
| әлеуметтік дағдылары өте төмен болған кезде тұрмыстық негіздерге және қол дағдыларына, күнделікті өмірде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауға, өзін-өзі бақылауға, қарым-қатынас дағдыларына және тыныс-тіршіліктің басқа түрлеріне үйрету |
| |

| |
|---|
| әлеуметтік дағдылары төмен болған кезде тұрмыстық бағдар негіздеріне және қол дағдыларына, күнделікті өмірде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауға, өзін-өзі бақылауға, қарым-қатынас дағдыларына және тыныс-тіршіліктің басқа түрлеріне үйрету |
| әлеуметтік дағдылары бірқалыпты деңгейде болған кезде балалар мен 18 жастан асқан адамдарды тұрмыстық бағдар негіздеріне және қолмен жұмыс істеу дағдыларына, күнделікті өмірде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауға, өзін-өзі бақылауға, қарым-қатынас дағдыларына және тыныс-тіршіліктің басқа түрлеріне үйрету |
| балаларда еңбек дағдыларын тексеру бойынша іс-шаралар өткізу |
| ересектерде еңбек дағдыларын тексеру бойынша іс-шараларды өткізу |
| емдік және еңбек қызметін жүзеге асыру |
| тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен мүгедектігі бар адамдарға кәсіптік бағдар беру |
| мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту |
| бейіні бойынша еңбек дағдыларын қалыптастыру |
| көрсетілетін қызметті алушыларды қолжетімді кәсіптік дағдыларға үйрету бойынша іс-шараларды жүргізу |
| қарттар мен он сегіз жастан асқан адамдарға үй шаруашылығының жоғалған дағдыларын қалпына келтіру қызметтері |
| жұмысқа орналасуға жәрдемдесу |
| психологиялық диагностика және тұлғаны тексеру |
| психоневрологиялық аурулары бар балаларға әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау) |
| тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау) |
| психоневрологиялық аурулары бар ересектерге әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау) |
| мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау). |
| егде жастағы адамдарға әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау). |
| психопрофилактикалық жұмыс |
| психологиялық консультация беру |
| жедел психологиялық (соның ішінде телефон арқылы) көмек |
| қызметтерді алушыларға психологиялық көмек көрсету, оның ішінде әңгімелесу, қарым-қатынас, тыңдау, ынталандыру, белсенді болуға ынталандыру |
| психологиялық тренингтер |
| балаларға психологиялық түзету |
| ересектерге арналған психологиялық түзету |
| өзара қолдау топтарында және қарым-қатынас клубтарында сабақтар өткізу |
| қолайлы психологиялық климатты қамтамасыз ету, жанжалды жағдайлардың алдын алу және шешу үшін отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету |

2025 жылғы 6 наурыздағы
№ 72 бұйрығына
4-қосымша

Халықты әлеуметтік қорғау
саласында жартылай
стационарлық жағдайда арнаулы
әлеуметтік қызметтер
көрсету стандартына
3-қосымша

**Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарға арналған төсек жабдықтар, сондай-ақ олардың тозу мерзімдерінің ең төмен нормалары**

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Балаларға және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға | | Он сегіз жастан асқан адамдарға, мүгедектігі бар адамдар мен карттарға | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Норма | Мерзімі (жыл) | Норма | Мерзімі (жыл) |
| Төсек-орын жабдықтары | | | | | | |
| 1 | Ақ жайма | дана | 3 | 1 | 3 | 1 |
| 2 | Сейсеп | дана | 3 | 1 | 3 | 1 |
| 3 | Жастық тысы | дана | 4 | 1 | 4 | 1 |
| 4 | Матрац (оның ішінде басылып қалмайтын матрац) | дана | 1 | 2 | 1 | 3/2* |
| 5 | Жастық | дана | 1 | 2 | 1 | 3 |
| 6 | Көрпе | дана | 1 | 2 | 2 | 3 |
| 7 | Жамылғы | дана | 1 | 4 | 1 | 4 |
